

**2015 жылға арналған Аршалы ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы**

### ***Күшін жойған***

Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 36/3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 15 қаңтарда № 4589 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 40/8 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 27.03.2015 № 40/8 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18 бабының 8 тармағына, «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 қаулысының 2 тармағына сәйкес, Аршалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2015 жылға арналған Аршалы ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына келесі әлеуметтік қолдау шаралары:

- 1) жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;
- 2) тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін, бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен аспайтын сомада бюджеттік кредит ұсынылсын

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік

тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

|                               |                        |                                |
|-------------------------------|------------------------|--------------------------------|
|                               | <i>А у д а н д ы қ</i> | <i>м ә с л и х а т</i>         |
| <i>сессиясының төрағасы</i>   | <i>А.Гусев</i>         |                                |
|                               | <i>А у д а н д ы қ</i> | <i>м ә с л и х а т ы н ы ң</i> |
| <i>хатшысы</i>                | <i>Ю.Сериков</i>       |                                |
| <i>КЕЛІСІЛДІ</i>              |                        |                                |
| <i>Аршалы ауданының әкімі</i> | <i>Ж.Нұркенов</i>      |                                |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК